

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНДАҒЫ №34 ОРТА МЕКТЕБІНДЕ ТАМАҚТАНДЫРУДЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ САПАСЫНА ЖҮРГІЗГЕН МОНИТОРИНГ

Мектеп оқушыларын мектепте ыстық тамақпен қамтамасыз ету оқушының денсаулығына, дұрыс өсіп жетілуіне ықпалын тигізеді. мектепте оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету алға қойылған. Мектебіміздің асхана таңертеңгі 8.00-17.00-ге дейін жұмыс жасайды. Асхананы жеке кәсіпкер Ержакипова Гульфия жалға алып отыр. Мектеп асханасында аспасшы және аспасшының көмекшісі жұмыс жасайды. Асхана қызметкерлерінің медициналық кітапшалары бар, санитарлық тексерістен өтілген.

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз етуді бақылау үшін ай сайын асхана жұмысына тексеру жүргізіледі. Күнделікті тамақтың сапасы мен берілу мөлшері (норма) мектепте құрылған бракираждық комиссия тарапынан бақылауға алынған. Комиссия құрамындағылар асхана тамағының сапасын тексереді және тексеру нәтижесінде акт толтырады. Айына бір рет тамақтану мен тамақ пісіру орнына тазалық жасалынып, дезинфекцияланып отыру көзделінген. Мектеп асханасында ұсынылатын тағамдар сапасы нормативке сай, ыстық тағамдар түрі бекітілген мәзірге сәйкес дайындалады. Әлеуметтік көмекті қажет ететін жекелеген санаттағы оқушылар ҚР Үкіметінің 64 қаулысы, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 24 сәуірдегі № 158 бұйрығының 10-қосымшасына сәйкес "Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну" мемлекеттік қызметіне сәйкес мектеп асханасынан тегін тамақтануға өтініштер қабылданып, тиісті құжаттар жинақталды. «Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына тегін және жеңілдетілген тамақтандыруды ұсыну» мемлекеттік қызметі көрсетіледі.

Мектеп асханасында тамақтану сапасына мерзімдік бағалау жасап, мониторинг жүргізетін бракераж комиссиясының құрамы бекітіледі. Мектеп оқушыларын ыстық тамақпен қамту кезіндегі қауіпсіздігін қамтамасыз ету, бракераждық және тамақтандырудың сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия құрамы:

1. Комиссия төрайымы – мектеп директоры А.Ж. Айзакова
2. Қамқоршылық кеңесінің мүшесі А.А. Кокимова
3. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Р. Утебаева
4. Директордың шаруашылық ісі жөніндегі орынбасары З.Е. Мырзатаева
5. Мектеп медбикесі Б.Сәрсенғалиқызы
6. Ата-аналар төрайымы Т.М. Жусипова
7. Әлеуметтік педагог Г.Ж. Ниязова

2022-2023 оқу жылы бойынша жекелеген санаттағы оқушылардың 32 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде 13 оқушы ата-анасы атаулы әлеуметтік көмек алады, 5 оқушы- күнкөрісі төмен, 12 оқушы алқалық комиссия шешімімен есепке алынған. 1-4 класс аралығында 19 оқушы, 5-11 класс аралығында 13 оқушы үлкен тамақтану кестесіне сай, I ауысымда сағ. 09.25-09.40 аралығында 18 оқушы, II ауысымда 12 оқушы 14.55-15.10 уақыты аралығында тамақтанады. Оқушылардың күнделікті тамақтануы бақыланады.

2022-2023 оқу жылы «Әлеуметтік қорғалмаған білім алушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан, мектеп тарапынан қаржылай және материалдық көмек алуға құқығы бар 21 оқушының тізімі анықталып, педагогикалық кеңестің қаулысы негізінде мектеп директоры бұйрығымен бекітіліп, ыстық тамақпен қамтылуда.